

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

«ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ»

(Ересектер «Ер Төстік» тобының ашық ұйымдастырылған іс-әрекеті)



Тәрбиешілер:Ходжа-Ахметова К
Ыбраева.И

Таушық ауылы, 15.11.2023 жылы

Тақырыбы: «Жол қозғалысы ережелері»

Мақсаты: Балалардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс-жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Балаларды сақтыққа тәрбиелеу. Жолда жүру ережелері мен бағдаршам туралы түсініктерін кеңінен кеңейту. Жаяу жүргіншілер жолы, жол жиегіндегі жолдар, жол қиылысу, т.б. жол қозғалысы ережелері туралы ойын түрінде балаларға қызықты көңіл күй сыйлау. Тәртіп сақтауға тәрбиелеу

Көрнекіліктер: Бағдаршам, жол қозғалысы белгілері, самокат, кругтар мен түрлі-түсті доптар.

Барысы: Балалардың сайысқа даярлығын тексеру, топқа бөлу.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ұстаздар және балалар! «Жол қозғалысы ережелері» атты сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер!

Шуақты өміріміз күндей күліп,
Жүректе бүршік атып гүлдейді үміт.
Арманға сапар тарту мүмкін емес,
Жол жүру ережесін білмей тұрып.
Жалғайтын достастырып бар елменен,
Жолдардан тұрады ғой әлем деген.
Бүгінгі бізге келген қонақтарға,
Жарысымыз басталсын сәлемменен.

Жүргізуші: Бүгін бізге келген қонақтарды таныстырып өтейік:
Әділқазылар алқасы:

1. Айгүл Әлиасқарқызы
2. Алтын Назарқызы
3. Бибінұр Күбірбайқызы

Жүргізуші: Ендеше мен бір жұмбақ жасырғым кеп тұр.

Жоқ өзінде бас та, ауызда, құлақта,
Бақырайған үш көзі бар бірақ та.
Өзі сөйлей де алмайды,
«Тоқта, дайындал, жүр» дейді бірақта.

Бұл не? (Бағдаршам)

Жүргізуші: Жарайсыңдар! Олай болса, бағдаршамның түстеріне қарай үш топқа бөліне қояйық.

1. Топтарды таныстыру.

1 топ – «Қызылдар».

2 топ – «Сарылар».

3 топ – «Жасылдар».

Жүргізуші: Мен бәріне әрқашанда тыйым салып тұрамын,
Қайда болса алда тұрып жібермеймін бір адым.

Түсім қызыл, өзім шеңбер сызық болып бітемін,
Осы жолы бәріміз сұрақтарға жауап берейік.

2. Сұрақтар:

1. «Қызылдар» тобы: Бағдаршам дегеніміз не? Адам үшін оның маңызы қандай?

2. «Сарылар» тобы:Бағдаршамның неше көзі бар? Түстерін рет ретімен атаймыз.

3. «Жасылдар» тобы: Бағдаршамның қызыл шамы жанып тұрғанда, кімдерге өтуге рұқсат етіледі?

Жүргізуші: Әділқазылар өз бағамызды берейік!

Шуақты өміріміз күндей күліп,

Жүректе бүршік атып, гүлдейді үміт.

Арманға сапар тарту мүмкін емес,

Жол жүру ережесін білмей тұрып- деп «Бағдаршам» ойынын бастаймыз.

3. «Бағдаршам көздерін жағайық»

Шарты: Әр топқа берілген дөңгелек кругтерді бағдаршам түстерімен сәйкестендіріп доптармен сәндеу.

Жүргізуші: Үш топтың орындаған жұмыстарын бағалап жіберейік. Келесі кезекті бөлімге берейік.

4. «Дұрыс па,бұрыс па?»

Шарты: Дөңгелек кругтардың ішінде берілген жол қозғалысы белгілерінің қиындысыларын құрастырып , дұрыс жауабын атай білу.

Қызыл түс: Жаяу жүргінші жолы белгісі.

Сары түс: Аялдама белгісі

Жасыл түс: Велосипед белгісі.

Жүргізуші: Балалардың білімдерін бағалап жіберейік.

Көрген дәу қырағы,Көшемізде тұрады.Ол бергенде команда.Бағынамыз әмәндә-деп «Қай топ жылдам» ойынын ойнайық!

5. «Кім шапшаң,кім жылдам?»

Шарты: Үш топ берілген тапсырма бойынша самокатпен жарысу. Жолда жүру қозғалыстарына мұқият болу.

Жүргізуші: Топтарға жол ережесіне қатысты жұмбақтар шешіп жіберейік.

Жұмбақтар:

1.Қызылдар:

Көзін ашып жұмады.

Бағыт сілтеп тұрады. (Бағдаршам)

2. Сарылар:

Ала таяқ ұстаған,

Жол тәртібін нұсқаған.

Өміріңді күзеткен,
Бісқырығы күшті адам. (Автоинспекция қызметкері)

3. Жасылдар:

Төрт аяғы бар, өзі жылдам жүреді. (Машина)

Сергіту сәті: «Бағдаршам»

Алдын ала дайындаған үш түсті көрсетіп, балалардың қаншалықты жинақы екендігін байқайды.

Бағдаршамның жасыл көзін көрсеткенде балалар алға қарай жүреді, сары көзін көрсеткенде бір орында аяқтарын қозғалысқа келтіреді.

Қызыл көзін көрсеткенде бір орында қозғалмай тұрып қалады.

Жүргізуші:

Қай көше, қай қалаға барсаңыз да,

Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да,

Жол жүру ережесі-заңды тәртіп,

Ол ортақ үлкен-кіші баршамызға.

Жол жүрудің тәртібін,

Ережесін білеміз.

Сақтанғанда қатерден,

Сау-саламат жүреміз.

Қорытынды: Балалардың алған білімдерін талқылап, ойыннан алған әсерлерінен кері байланыс жасау. Әділқазылар алқасы әр топтың ұпай санын есептеп, жүлделі орындармен марапаттау. Жеңіске жеткен топтарды 1,2,3 орындарымен құттықтау

